

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
«Инженерия және инженерлік іс» даярлау бағыты бойынша
Академиялық Комитеттің мәжілісі**

№2 ХАТТАМАСЫ

Кентау қаласы

13.12.2024 ж.

Қатысқандар:

АК төрайымы:

1. Меирбекова Оксана Даировна

АК мүшелері:

2. Абдикулова Загипа Киргизбаевна

3. Агабекова Ақтолқын Бекарысовна

4. Калимбетова Жансая Сейдахановна

5. Бабахан Шохрух Абдилкасымұлы

6. Худайберген Бауыржан Амангельдиевич

7. Байбаков Абзал Нурмаханұлы

8. Махмутова Гулжан Бақитжанқизи

Қатыспағандар: жоқ

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. ББ аудиттері және шешімдер қабылдау (жаңарту, қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу, бірлескен, ББ әзірлеу).
2. Қараша, желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша АК төрайымы О.Д.Меирбекова: Сәлеметсіздер ме АК мүшелері, бүгінгі отырыста қаралатын мәселелер: 1. ББ аудиттері және шешімдер қабылдау (жаңарту, қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу, бірлескен, ББ әзірлеу) болып табылады. Осы мәселелер бойынша өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық.


АК мүшесі Абдикулова З.К. күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша: Инженерия және инженерлік іс даярлау бағытына кіретін бакалавр және магистратура деңгейіне ішкі аудит жүргізілді. 6B07153-«Электр энергетикасы» ББ-да 72 білім алушы, 6B07154-Автоматтандыру және басқару ББ-да 38 білім алушы, 6B07189-Машина жасау ББ-да 8 білім алушы білім алып жатыр. Білім алушыларың 105-і грант, 2-і Түркия гранты, 11-і ақылы оқиды. Магистратура ББ бойынша 7M07130-Электр энергетикасы ББ білім алушылар саны 2, 7M07158 - Автоматтандыру және басқару ББ 2024-2025 оқу жылында (қысқы қабылдау негізінде) 1 магистрант магистрлік диссертациясын сәтті қорғап, дипломын алды. 2024-2025 оқу жылындағы бакалавр түлектеріне екі ББ бойынша магистратураға түсу үшін үгіт насихат жүргізіліп жатыр. Студенттер контингентін қалыптастыруда бірлескен білім беру бағдарламаларын жасау, жаңа экономика талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын өзектендіру, оқу жоспарларында кәсіпкерлік дағдыларды дамытуға бағытталған пәндердің болуы және ірі компаниялардың өкілдерін оқу процесіне тарту мәселелері қарастырылуда. Кафедраның белгіленген басым бағыттары негізінде ішкі және сыртқы факторларды сәйкестендіру барысында БББ-на SWOT талдау жүргізілді. Бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы даярлауды қамтамасыз ету үшін ББ бағдарламаларын жаңарту процесі жүріп жатыр. Білім беру бағдарламалары бойынша білім беру бағдарламасын талдау, білім беру бағдарламасының мақсатын айқындау, түлек моделінің сипаттамасын, оқыту нәтижелері (ОН), кәсіптік қызметтің объектілері мен түрлерін анықтау мәселелері қарастырылуда. Білім

беру нәтижелерін анықтаудың заманауи тәсілдері, мониторинг ұйымдастыруға арналған жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар, Жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс жасалып, тәжірибе өту орындарымен келісім-шарт жасалуда.

«Инженерия және инженерлік іс» даярлау бағыты бойынша УЕ-ХҚТУ-030-2021 Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жаңарту Ережесі негізінде 7M07158-Автоматтандыру және басқару ББ жаңарту талап етіледі. ББ жаңарту барысында соңғы МЖБС талаптары, кәсіби стандарттардың сәйкестігін есепке алу маңызды. ББ жаңарту 30%-дан аспауы қажет. Сонымен қатар, қазіргі уақытта Жасанды интеллекттің дамуына орай Жасанды интеллект негіздерін игеру мақсатында пәндерді қосу міндеттеліп отыр. Осы мәселеге байланысты жоспар бойынша комитет мүшелерінің барлығы нәтижелі жұмыс жасауға атсалы қажеттілігін айтып өтті. Сонымен қатар кафедраға қарасты барлық ББ аудиті жүргізілді. Алдағы уақытта 6B07153 – Электр энергетикасы, 6B07154 – Автоматтандыру және басқару, 6B07189 – Машина жасау, 7M07130 – Электр энергетикасы білім беру бағдарламаларына да Жасанды интеллекттің дамуына орай сәйкесінше ББ жаңарту көзделіп отыр.

Шешім: «Инженерия және инженерлік іс» даярлау бағыты бойынша 7M07158-Автоматтандыру және басқару ББ жаңартылсын, Реестрге тіркелсін.

6B071 Инженерия және инженерлік іс
даярлау бағыты бойынша
Академиялық комитет төрағасы:



О.Д.Меирбекова